Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	**Зейінді шоғырландыру** **"Сақина салмақ"** Балалар шеңбер жасап отырып, қолдарымен сақинаны жасырып, іздейді. Сақинаны іздеу арқылы зейінін шоғырландыруға, байқағыштыққа үйренеді.	**Тактильді ойындар** • **"Жұмбақ себет"** Себетке табиғи материалдардан заттарды (жапырақ, жаңғақ, мақта, жүн, ағаш) салады. Балалар қолымен сипап, қай зат екенін табады, бұл олардың тактильді сезімдерін дамытады. •	**Мотрикаңы дамытатын ойындар** • **"Жіпті орау"** Балаларға жіп, жүннен жасалған құралдар беріледі. Балалар түрлі түсті жіптерді арнайы жіп шеңберлеріне орайды. Бұл ойында қолдың бұлшықеттері жұмыс істейді, ал нәтижесінде әдемі ұлттық өрнекке ұқсас орамалар шығады.	**Логиканы дамыту ойындары** • **"Жеті ата"** Балаларға жеті атаға қатысты карточкалар беріледі. Олар әр атауды ретімен қоюы керек. Бұл ұлттық дәстүрлерді үйренуге әрі есте сақтау, логикалық байланыс орнатуға көмектеседі.	
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	

Тексерген Әдіскер: **М.К.Кальжанова**

Тәрбиеші: Нұралиева.М

Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
МАД топ, 5-жас
Наурыз 4 -апта

Күн тәртібі			**Сәрсенбі** **26.02.2025**	**Бейсенбі** **27.02.2025**	**Жұма** **28.02.2025**

Балаларды қабылдау			Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Дина Нұрпейісова** – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Қазанғап Тілепбергенұлы** – "Көкіл", "Шыныаяқ тастар" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру

Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру			**Психологтың кеңесі:** **"Баланың ойын дағдылары"** **Мақсаты:** Балаға ойын арқылы әлеуметтік және танымдық дағдыларды дамыту. Ойындарды қолдану арқылы қызығушылықты арттыру. **Талқыланатын мәселелер:** Баланың шығармашылық ойыны мен рөлдік ойындар арасындағы айырмашылық. Ойын арқылы балалардың тілін дамыту және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Құрылыс ойындары мен логикалық тапсырмалардың маңызы.	**Ата-аналармен әңгіме:** **"Баланың шығармашылық дамуындағы ойындардың рөлі"** **Мақсаты:** Шығармашылық қабілетті дамыту үшін ойындарды тиімді пайдалану. Баланың қиялын ұштау және жаңа идеяларды іске асыру. **Талқыланатын мәселелер:** Шығармашылық ойынды ұйымдастыру. Баланың қиялын, сурет салу, мүсіндеу, конструкторлық ойыны арқылы дамыту. Ойыншықтардың шығармашылық дамуға әсері.	**Ата –аналармен әңгіме**: **"Баланың тәрбиесінде үйлесімді тәсілдер"** **Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі үйлесімді тәсілдер мен әдістерді түсіну. Қатаң және жұмсақ тәсілдердің араласуы. **Талқыланатын мәселелер:** Тәртіп пен еркіндікті үйлестіру. Баланың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу әдістерін таңдаудың маңызы. Позитивті тәрбие мен ақыл-кеңестердің баланың дамуына әсері.

Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)			**Сюжеттік-рөлдік ойындар** **Мақсаты:** Балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамыту, әлеуметтендіру. **Ойын: "Дәрігер"**: Балалар дәрігер, медбике, науқас рөлдерін ойнайды. **Коммуникативтік дағдыны дамыту**	**Үстел үсті және баспа ойындары** **Мақсаты:** Логикалық ойлау, зейін мен шыдамдылықты дамыту. **Ойын:Пазлдар құрастыру:** Балалар қысқа қатысты суреттерді толық жинақтайды. **Құрастыру, танымдық дағдыны дамыту**	**Кітап оқу** **Мақсаты:** Балалардың сөйлеу дағдысын, сөздік қорын, қиялын және шығармашылық ойлауын дамыту. **іс-әрекет** Ертегі немесе әңгіме оқу (мысалы, "Мақта қыз бен мысық"). **Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет дағдысын дамыту**

Таңертенгілік жаттығу			**Таңғы жаттығу кешені №14** **"Ғарышқа ұшу"** Музыка: **"Ғарышкер боламыз"** **"Зымыранды оталдыру"** – Қолды жоғары көтеріп, баяу көтеріліп, секіру. **"Ғарышта ұшамыз"** – Қолды екі жаққа жайып, айналу. **"Жерсеріктерді зерттеу"** – Алға еңкейіп, айнала қарау. **"Жұлдыздарға секіру"** – Жеңіл жоғары секіру. **"Ғарыштан ораламыз"** – Терең тыныс алу, қолды төмен түсіру.	**Таңғы жаттығу кешені №15** **"Теңізге саяхат"** Музыка: **"Кеме жүреді"** **"Толқынмен тербелеміз"** – Денені оңға-солға иіп, қолды жанға созу. **"Желкен көтерілді"** – Қолды жоғары көтеріп, баяу тербелу. **"Балықтар жүзді"** – Қолды шеңбер жасап қозғау. **"Шалшықтан секіру"** – Бір орында жеңіл секіру. **"Қайық тоқтады"** – Терең тыныс алып, қолды төмен түсіру.	**Таңғы жаттығу кешені №16** **"Спортшылар сайысы"** Музыка: **"Көңілді жаттығу"** **"Жүгіреміз"** – Бір орында жүгіру. **"Секіргішпен секіру"** – Бір орында қос аяқпен секіру. **"Допты лақтыру"** – Қолды жоғары көтеріп, ауада "доп лақтыру". **"Кедергілерден өтеміз"** – Бір аяқтан екінші аяққа секіру. **"Жеңіске жеттік!"** – Қолды жоғары көтеріп, терең тыныс алу.

Таңғы ас			Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ			Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау **"Үнемділікке баулу"** **Міндеті:** Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. **Ойын:"Кранды жап"** Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң, кранды жабу әрекетін қайталау.	**"Өнегелі 15минут: Сыпайылық ережелері"** **Міндеті:** Балаларды «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз» деген сыпайы сөздерді қолдануға үйрету. **Ойын:"Сиқырлы сөздер"** Балалар сиқырлы қорапшадан суреттер немесе ойыншықтарды алады. Олар бұл затты алмас бұрын "өтінемін" деп айтуы қажет. Әр бала ойын соңында «рақмет» айтуға дағдыланады. Үйде ата-анасына сыпайы сөздерді айтып көрсету.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау **Өрт қауіпсіздігі** Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.

Кестеге сәйкес ҰІӘ			**Сауат ашу негізі** **"Сөйлемдерді сөздерге бөлу"** **Мақсаты:** Сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін анықтау. **Таңертеңгілік әңгіме:** "Сөйлем деген не?" (мысал келтіру). **Танымдық әрекет:** "Мысық ойнап жүр" сөйлемін сөздерге бөлу. **Дидактикалық ойын:** "Сөйлемді құра" (берілген сөздерден сөйлем жасау). **Жазу дағдысы:** Қарапайым сөйлемдерді жазу. **Дене тәрбиесі** **«Мерген бол» (лақтыру дағдысын дамыту)** **Құралдар:** доптар, кішігірім нысаналар (қораптар, шеңберлер). **Тапсырмалар:** Балалар допты иықтан жоғары көтеріп, нысанаға дәл тигізуге тырысады. Лақтыру қашықтығын біртіндеп арттыру. Топтық ойын: балалар екі командаға бөлініп, нысанаға дәл тигізгендері үшін ұпай жинайды. **Сөйлемді дамыту** **«Дыбыстарды ажыратайық!»**	**Көркем әдебиет** **«Ертегілер еліне саяхат» (ертегі айту, сахналау)** **Тапсырмалар:** Балаларға қазақ халық ертегісін оқып беру («Қызыл телпек», «Түлкі мен қасқыр»). «Менің сүйікті ертегім» ойыны: әр бала өзіне ұнайтын ертегі кейіпкерін сипаттап береді. «Ертегіні өзгерт» шығармашылық тапсырмасы: балаларға белгілі бір ертегінің оқиғасын өзгертіп айтуға мүмкіндік беру. Кішкентай сахналық қойылым дайындау, балалардың еркін әрекет етуіне жағдай жасау. **Қазақ тілі** **«Ертегілер әлеміне саяхат»** **Мақсаты:** Балалардың ертегі туралы түсініктерін кеңейту. **Барысы:** Балаларға ертегінің маңызы түсіндіріледі. «Шалқан» ертегісі оқылады. Кейіпкерлер туралы сұрақтар қойылады (Кім не істеді? Шалқан қандай болды?).	**Математика негізі** **«Теңсіздікті теңдікке айналдырайық»** **Тапсырмалар:** Балаларға әртүрлі заттар беру (мысалы, 3 қызыл текше, 2 көк текше) және оларды теңестіру үшін біреуін қосу немесе алу. «Кім теңдік жасайды?» ойыны: балаларға әртүрлі теңсіздік жағдайларын беріп, оларды теңестіру жолдарын ойландыру. **Музыка** **«Музыканың бейнелігі»** **Мақсаты:** Музыканың әртүрлі көңіл күйді жеткізе алатынын түсіндіру. **Барысы:** Балаларға көңілді және мұңды әуендер тыңдату. «Музыканың көңіл күйі» ойыны (балалар музыкаға сәйкес қимыл жасайды). Әртүрлі әуендерге сипаттама беру (баяу, жылдам, көңілді, мұңды). **Қоршаған ортамен таныстыру** **«Мерекелерді бірге тойлайық»** **Мақсаты:** Мемлекеттік мерекелердің маңызын түсіндіру, патриоттық тәрбие беру. **Тапсырмалар:**

			Мақсаты: Сөздегі буын санын анықтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. **Тапсырмалар:** Сөздердегі буын санын анықтау (мысалы, «ала» – 2 буын, «алма» – 2 буын, «қарлығаш» – 3 буын). 3-4 дыбыстан тұратын сөздерді талдау («көл», «от», «бала»). «Қай буын жоғалды?» ойыны: тәрбиеші сөздің бір буынын жасырғанда, балалар оны табады. **Математика негізі** **«Кім биік, кім аласа?»** **Тапсырмалар:** Балалардың бойын салыстыру (биік-аласа). Кубиктерден әртүрлі биіктіктегі мұнаралар жасау және салыстыру. Шартты өлшемдер (ленталар, қарындаштар) көмегімен заттардың биіктігін өлшеу.	Рөлдер бөлініп, қарапайым сахналау ұйымдастырылады. **Математика негізі** **«Геометриялық пішіндер әлемі»** **Мақсаты:** Негізгі геометриялық пішіндерді атау және қоршаған ортадан табу. **Тапсырмалар:** Шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш, сопақ пішіндерін атау. Қоршаған ортадан осы пішіндерге ұқсас заттарды табу. «Пішінді тап!» ойыны.	Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамының маңызын түсіндіру. «Наурызда не жасалады?» ойыны (балалар мерекелік дәстүрлерді еске түсіреді). Өлең жаттау және ән айту (Наурызға арналған). **Қазақ тілі** **«Киімімді сипаттаймын»** **Мақсаты:** Киімдерді сипаттап айтуға үйрету. **Барысы:** Балалар өз киімдерін сипаттайды (түсі, өлшемі, материалы). «Кімге не керек?» ойыны (тәрбиеші ауа райын айтып, балалар сәйкес киімді атайды). «Киімін тап» ойыны (балалар суреттен сәйкес киімді тауып, атайды).

Екінші таңғы ас			Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	"Бұл қандай тағам?" – Бүгінгі мәзір туралы әңгімелеу. "Қандай тағам пайдалы?" – Дәрумендер туралы қысқа түсінік **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балалар өз орындарына тыныш отырып, тәрбиешінің белгісін күтеді. "Рақмет" және "Ас дәмді болсын!" деген сыпайы сөздерді үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Серуенге дайындық			**"Киіну мен шешіну реті"** **(Реттілікті сақтау дағдысын жетілдіру)** Балалар дұрыс киіну ретін қайталайды. "Қайсысы бірінші?" ойыны – Балалар киіну ретін рет-ретімен айтып береді. Серуеннен кейін балалар өздігінен шешінеді, киімдерін шкафқа дұрыс орналастырады.	**"Көктемде қалай киінеміз?"** **(Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту)** балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны –әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды. Балалар өздігінен киініп, бір-біріне көмектеседі.	Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**

Серуен			**Серуен картотекасы№26** **"Көктемгі құм"** **(Құмның қасиеттерін бақылау, ойындар ойнау)** **Балалардың дербес әрекеті:** Құммен түрлі формалар жасау. Ылғалды және құрғақ құмның айырмашылығын көру. **Қимылды ойын:** "Құмдағы іздер" – Балалар құмда із қалдырып жүреді. **Бақылау, зерттеу:** "Құмның түсі қандай?" – Түрлі реңктерін көру. "Құмды суға қосса не болады?" – Ылғал құмның қасиеттерін байқау. **Еңбекке баулу:** Құм алаңын реттеу. Құмды бір жерден екінші жерге тасу. **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу)**	**Серуен картотекасы№27** **"Көктемгі шөптер"** **(Шөптің өсуін бақылау, жасыл түсті тану)** **Балалардың дербес әрекеті:** Жасыл шөптің арасымен жүру, сипап көру. Шөптерден шағын гүлдесте жасау. **Қимылды ойын:** "Шөп арасындағы қояндар" – Балалар шөп арасында қояндар секілді секіреді. **Бақылау, зерттеу:** "Шөптің түсі қандай?" – Жасыл реңктерін ажырату. "Шөптің ұзындығы қандай?" – Ұзын, қысқа шөптерді салыстыру. **Еңбекке баулу:** Шөпті таптамай, үстімен жүрмеуді үйрету. Ауладағы қажетсіз тастарды жинау. **(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)**	**Серуен картотекасы№28** **"Көктемгі жаңбыр"** **(Жаңбырдың әсерін бақылау, су тамшыларын зерттеу)** **Балалардың дербес әрекеті:** Су тамшыларын ұстау, жылы немесе салқын екенін сезіну. Жаңбырдың дыбысын тыңдау. **Қимылды ойын:** "Жаңбыр мен күн" – Балалар жаңбыр жауған кезде жүгіріп тығылады, күн шыққанда қайта жүгіреді. **Бақылау, зерттеу:** "Жаңбырдан кейін жер қандай?" – Ылғалды жерді, шалшықтарды қарау. "Жаңбыр тамшылары қайда сіңеді?" – Жерге сіңген суды зерттеу. **Еңбекке баулу:** Шалшықтарды айналып өту ережелерін үйрету. Су тиген құм алаңын ретке келтіру. **(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)**

Серуеннен оралу			Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Түскі ас			Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Түскі аспен таныстыру** **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Балаларға тамақты үрлеу арқылы суыту керектігін үйрету.Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Түскі аспен таныстыру** **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**
Күндізгі ұйқы			Қызықты әңгіме айту немесе қиял ойыныБаланың елестету қабілетін дамыту үшін қызықты, бірақ тыныш әңгімелер айтыңыз. **(Көркем әдебиет)**	**Бесік жыры** мен **қазақтың ертегілерін айту.** Бұл әдіс баланы тыныштандырып, ұйқыға дайындайтын ерекше әрі дәстүрлі әдіс. **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	Бала белгілі бір әдетке үйренген болса (мысалы, белгілі бір ойыншығымен ұйықтау, төсегінің жанында жарық шамының жануы), оны сақтау. **(Көркем әдебиет)**

Ұйқыдан оятту, сауықтыру шаралары			Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**
Бесін ас			Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

Балаларды ң дербес әрекеті (қимылды қ ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)			**Әже өсиеті ойыны** • **"Әженің қазынасы"** Әже балаларға қазақтың ұлттық бұйымдарын көрсетіп, олардың атын айтып, қайда және қалай қолданатынын түсіндіреді. Бұл ойын есте сақтау мен зейінін дамытуға бағытталған.	**Ұлттық ойындар** **"Асық ату"** Бұл дәстүрлі ұлттық ойын асықтарды атуды, көздеуді, сонымен қатар қолдың ептілігін арттыруды үйретеді. Балалар асықтарды дәл көздеп атуды үйренеді.	**Тактильді моториканы дамытатын ойындар** **"Табиғи материалдарды сезіну"** Әртүрлі табиғи материалдардан (жүн, ағаш, қылқан жапырақ) құралған қоржын жасалады. Балалар оларды қолмен ұстап, сипап, қандай материал екенін айтады. Бұл олардың тактильді сезімдерін дамытады.
Балаларме н жеке жұмыс			**Мониторинг бойынша баламен жұмыс** Баланың заттарды, түстерді, пішіндерді ажырата білуін жетілдіру. **Жұмыс түрлері:** «Түстерді тап» – түрлі түсті текшелерді сәйкестендіру. «Пішінді ата» – үшбұрыш, шеңбер, төртбұрышты табу және атау..	• **Мониторинг бойынша баламен жұмыс** Баланың сөздік қорын кеңейту, сөйлеу қабілетін жетілдіру. **Жұмыс түрлері:** «Суретті сипатта» – сурет бойынша қарапайым сөйлемдер құру. «Кім не істейді?» – жануарлардың немесе адамдардың әрекетін сипаттау.	• **Мониторинг бойынша баламен жұмыс** Баланың қол моторикасын дамыту арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. **Жұмыс түрлері:** Ермексазбен жұмыс – қарапайым пішіндерді жасау. Қағазды жырту және желімдеу – аппликация жасау

Серуенге дайындық			**"Менің көктемгі киімім"** **(Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?"** **(Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу.	**"Серуенге дайынбыз!"** **(Барлық дағдыларды бекіту)** Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету.

Серуен			**Серуен картотекасы№26 қоңыздар мен жәндіктер" (Жәндіктердің қозғалысын бақылау, олардың ерекшеліктерін үйрену)** **Балалардың дербес әрекеті:** Қоңыздарды, құмырсқаларды бақылау. Олардың қалай қозғалатынын қарау. **Қимылды ойын:** "Қоңыздар мен құмырсқалар" – Балалар қоңыздар сияқты жүріп, құмырсқалар сияқты жүгіріп ойнайды. **Бақылау, зерттеу:** "Қоңыздың қанаты бар ма?" – Оның қалай ұшатынын қарау. "Құмырсқалар не істеп жүр?" – Олардың жол салуын зерттеу. **Еңбекке баулу:** Ауладағы шөптердің арасына жол ашу. Құмырсқалар жүрген жерді таптамауды үйрету. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**	**Серуен картотекасы№27 "Көктемгі ауа-райы" (Ауа-райын бақылау, күн мен бұлттың өзгерістерін байқау)** **Балалардың дербес әрекеті:** Аспанды бақылау: күн шықты ма, бұлт көп пе? Желдің әсерін сезіну: жалаушаны желге ұстап көру. **Қимылды ойын:** "Жел мен бұлт" – Балалар бұлттар секілді баяу қозғалады, ал жел соққанда жүгіріп қозғалады. **Бақылау, зерттеу:** "Ауа-райы қандай?" – Балалар бүгінгі күннің қандай екенін сипаттайды. "Жел қалай соғады?" – Жеңіл заттарды (қағаз, жапырақ) үрлеп көру. **Еңбекке баулу:** Ауладағы жапырақтарды жинау. Ойыншықтарды жел ұшырмас үшін жинақтау. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**	**Серуен картотекасы№28** **"Көктемгі көкөністер мен жемістер" (Көктемгі көкөністер мен жемістерді ажырату, оларды тану)** **Балалардың дербес әрекеті:** Ойыншық жемістер мен көкөністерді ажырату. Даладағы өсімдіктерді бақылау. **Қимылды ойын:** "Сәбізді тап" – Балалар көкөністердің атауын айтып, тиісті ойыншықты тауып әкеледі. **Бақылау, зерттеу:** "Көкөністер қалай өседі?" – Қияр, сәбіз, шалғамның суреттерін қарау. "Жемістер қайда өседі?" – Ағашта немесе жерде өсетінін талқылау. **Еңбекке баулу:** Ойыншық жемістерді себетке жинау. Қураған жапырақтарды тазалау. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**

Серуеннен оралу			Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	К**иімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сырткы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**

Кешкі Ас			Балаға тамақтың пайдалы әрі дәмді болатынын көрсету,ас үй құралы мен ыдыс-аяқтарды пайдалану туралы қарапайым дағдыларды көрсету. **Кешкі аспен таныстыру** **картоп езбесі** **Шырын** **нан** **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Тамақтану процесі жағымды болуы үшін баланың көңіл-күйін жақсартатын жағдай жасау. **(Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Баланы тамақтану кезінде сабырлы болуға және асықпауға үйретіңіз. Бала асығыс тамақтанған кезде эмоциясын бақылауда ұстауды үйрену қажет. **(Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)			**Ұлттық құндылықты дамыту** **"Оюмен танысу"** Балаларға қазақтың ұлттық оюларының үлгілері беріледі. Олар оюларды жұмсақ сазбалшықтан немесе ермексаздан жасап көреді, бұл қолдың ұсақ моторикасын жетілдіреді.	**Логиканы дамыту ойындары** **"Санамақ жырлары"** Балаларға санамақ жырларын жаттатқызу арқылы есте сақтау қабілеттерін, реттілікті сақтауды және шапшаңдықты дамытады. Санамақтар логикалық ойлауды дамытады.	**Ұлттық құндылықты дамыту** **"Жеті ата"** Балаларға жеті ата тізбегін көрсететін суреттер беріледі. Олар әр суретті дұрыс ретке қою керек. Бұл ойын баланы өз ата-бабалары туралы ойлануға және ұлттық дәстүрлерге үйретуге көмектеседі.

Балалардың үйге қайтуы			Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді.

Тексерген Әдіскер: **М.К.Кальжанова**

Тәрбиеші: Нұралиева.М

Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
МАД топ, 5-жас
Сәуір 1-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.04.2025	Сейсенбі 01.04.2025	Сәрсенбі 02.04.2025	Бейсенбі 03.04.2025	Жұма 04.04.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау **Медбике тексеруі** **ҚР Гимн орындау** **«Күй күмбірі»-** **Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Тәттімбет Қазанғапұлы** – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Дина Нұрпейісова** – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Қазанғап Тілепбергенұлы** – "Көкіл", "Шыныаяқ тастар" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»-** **Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру

Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-анамен сұхбат** Балаңыз үйде қандай ойындарды жақсы көреді? **Практикалық жаттығулар:** Ата-аналармен бірге ертегі оқу, әңгімелесу жаттығуларын жасау. «Күнделікті 10 минут» (Күніне 10 минут баламен әңгімелесу, сұрақ қою, ой бөлісу). .Ата-анамен консультация	**Баланың эмоционалдық дамуы** **Сұхбат сұрақтары:** Балаңыз эмоцияларын ашық білдіре ме? Қиын эмоцияларды (ренжу, ашулану) қалай басқарады? Үйде эмоцияларды тануға байланысты қандай ойындар ойнайсыздар? **Кеңестер:** Баламен оның сезімдері туралы сөйлесу («Сен қазір ренжідің бе?», «Саған не ұнады?»). Эмоцияларды тануға арналған ойындар ойнау («Көңіл-күй неге ұқсайды?» ойыны). Ата-анамен консультация	**Шеберлік сыныбы:** «Баламен бірге қалай сурет салуға, мүсіндеуге болады?» **Қолданбалыжаттығу:**Ата-аналарменбіргекарапайымқазақ ю-өрнектерінқағазғатүсірунемесем үсіндеу. **Талқылау:** Үй жағдайында шығармашылық дамытудың тиімді жолдары. Ата-анамен консультация	**Баланың сөйлеу дағдыларын дамыту** **Сұхбат сұрақтары:** Балаңыз үйде қандай сөздерді жиі қолданады? Онымен ертегілер, өлеңдер оқып, талқылайсыз ба? Қандай ойындар арқылы жаңа сөздер үйретесіздер? **Кеңестер:** Күнделікті қарапайым сұрақтар қойып, толық жауап беруге үйрету. Кітап оқу кезінде сұрақтар қойып, пікірін сұрау. Жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Ата-анамен консультация	**Психолог кеңесі:** «Баланың көңіл-күйін қалай түсінуге болады?» **Практикалықжаттығу:** «Қиынэмоциялардыбасқару» (сабырлық, ашудыбасқаруәдістері). **Ата-аналарменталқылау:** «Отбасылыққарым-қатынасбалағақалайәсеретеді?» Ата-анамен консультация

Балардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**"Асық ату"** **Мақсаты:** Көзді бағдарлау, дәлдік пен ептілікті дамыту. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап отырады. Әр бала асықты қолына алып, белгілі бір қашықтықтан нысанаға тигізуге тырысады. **Саусақ моторикасын дамыту, Ұлттық құндылықты дамыту**	**"Төлдерін тап"** **Мақсаты:** Балалардың төрт түлік мал туралы білімін арттыру. **Ойын барысы:** Мұғалім әртүрлі малдардың суретін көрсетіп, "Бұл не?" деп сұрайды. Балалар оның атын және төлін (сиыр – бұзау, қой – қозы, т.б.) атауы керек **Танымдық әрекеттер**	**"Кім жылдам?"** **Мақсаты:** Тілдік қорды дамыту. **Ойын барысы:** Мұғалім бір тақырып бойынша сөз айтады (мысалы, "Көкөністер"). Балалар сол тақырыпқа қатысты сөздерді тез айтып шығуы керек. **Коммуникативтік дағды** **Сөздік қорды дамыту**	**Шығармашылық-эксперименталдық ойындар** **4.1. "Киіз үй құрастыру"** **Мақсаты:** Балалардың ұлттық мәдениет туралы түсінігін кеңейту. **Ойын барысы:** Балалар киіз үй бөліктерін (шаңырақ, кереге, уық) қағаздан немесе ағаш ойыншықтардан құрастырады. **Шығармашылық әрекет, ұлттық құндылықты дамыту**	**Еңбек дағдыларын дамытуға арналған ойындар** **5.1. "Қазақ дастарханы"** **Мақсаты:** Балаларды ұлттық тағамдармен таныстыру. **Ойын барысы:** Балалар қамыр илеп, бауырсақ жасау ойынын ойнайды. Ойыншық немесе пластилиннен қымыз, айран, ет бейнелерін жасап, "қазақ дастарханын" әзірлейді. **Эксперименттік әрекет, еңбек ету дағдысы, ұлттық құндылықты дамыту**

Таңертенгілік жаттығу	**Таңертеңгі Жаттығу №1** **"Күн шықты"** – Қолды жоғары көтеріп, созылып, күнге қарап тұру. **"Көбелек"** – Қолды екі жаққа созып, көбелектей жеңіл қозғаламыз. **"Балапандар"** – Екі қолды кішкентай қанат сияқты қимылдатып, отырып-тұру.	**Таңертеңгі Жаттығу кешені №2** **"Бәйшешек"** – Жерге отырып, ақырын тұрып, гүл сияқты ашылу. **"Қояндар"** – Екі аяқпен секіру. **"Бұлт пен жаңбыр"** – Қолды жоғары көтеріп, алақандармен жаңбыр тамшыларын көрсету.	**Таңертеңгі Жаттығу кешені №3** **"Көңілді доп"** – Орындарында секіру. **"Көгершіндер"** – Қолды екі жаққа жайып, ақырын айналу. **"Құстардың қанаты"** – Қолды жоғары-төмен қозғалту	**Таңертеңгі Жаттығу кешені №4** . **Желмен тербелген ағаш"** – Қолды жоғары көтеріп, оңға-солға баяу еңкею. **"Түлкі мен тырна"** – Бір аяқпен тұруға тырысу. **"Гүлдер"** – Алақанды ашып-жұмып, гүлдей ашылу.	**Таңертеңгі Жаттығу кешені №5** **"Көбелектің ұшуын салу"** – Екі қолды жоғары-төмен қимылдату. **"Бұлақ суы"** – Қолды айналдырып, су ағысын бейнелеу. **"Секіргіш қоян"** – Орындарында секіру.
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру **Таңғы аспен таныстыру**	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. **Тамақтануға дайындық**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Таңғы аспен таныстыру** **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Балаларға тамақты үрлеу арқылы суыту керектігін үйрету.Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Таңғы аспен таныстыру** **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негізі** **Дыбыстарды ажырату** **Дыбыстық талдау:** "Ата", "Ана", "Бала" сөздерін дыбыстық құрамына ажырату. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бөлу: (Қызыл – дауысты, көк – дауыссыз). **Сөйлеммен жұмыс:** "Ана мейірімді." сөйлемін сөздерге бөлу. **Жазу жаттығуы:** Түзу және көлденең сызықтар сызу. **Дене тәрбиесі** ене мүшелеріміз қалай қозғалады? **Мақсат:** Өз іс-әрекеттерін сөзбен жеткізу. **Ойын:** «Мен не істедім?» – балалар кезекпен жаттығу орындайды, содан кейін оны сөзбен сипаттайды (мысалы, «Мен қолымды көтердім»). **Көркем әдебиет** **Қимыл мен дауыс»** **Мақсаты:** Балаларды сахнада сенімді әрекет етуге, өз рөлін толықтай ашуға үйрету. **Барысы:** «Сен кімсің?» ойыны (балалар белгілі бір	**Дене тәрбиесі** Денемізді танимыз **Мақсат:** Дене мүшелерінің атауын білу, олардың қызметін түсіндіру. **Ойын:** «Кім жылдам?» – дене мүшесінің атауын айтылады, балалар оны көрсетіп, қызметін түсіндіреді (мысалы, көзбен көреміз, құлақпен естиміз). **Сауат ашу негізі** **Буын деген не?** **Буынға бөлу:** "Ана", "Қала", "Балапан" сөздерін буынға бөлу. **Буындардан сөз құрастыру:** Ба-ла, ме-ре-ке, ша-на. **Сөйлеммен жұмыс:** "Күн жарқырап тұр." сөйлемін сөздерге бөлу. **Жазу жаттығуы:** Ұзын және қысқа сызықтар сызу. **Сөйлеуді дамыту** **«Сөйлемді аяқта»** **Мақсаты:** Балаларды сөйлем құрастыруға үйрету. **Қажетті материалдар:** Сөйлем жазылған карточкалар. **Барысы:** жарты сөйлемді оқу Балалар сөйлемді	**Сауат ашу негізі** **Дыбыстық талдау жасау** **Сөздерді дыбыстық талдау:** "Тау", "Аю", "Кітап" сөздерін талдау. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату**.** **Жазу жаттығуы:** Толқынды сызықтар салу. **Дене тәрбиесі** Қимыл-қозғалыс түрлерін білеміз **Мақсат:** Қимыл білдіретін сөздерді түсіну және қолдану. **Ойын:** «Не істейміз?» – заттың атауы айтылады, балалар сәйкес қимылды орындайды (мысалы, доп – лақтырамыз, құс – ұшады, балық – жүзеді). **Сөйлеуді дамыту** **«Көңілді әңгіме»** **Мақсаты:** Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. **Қажетті материалдар:** Суреттер, ертегілер. **Барысы:** Балаларға таныс оқиға (ертегі, мультфильм) мазмұны бойынша сұрақтар қойылады. Балалар өз ойларын айтып, ертегі мазмұнын қайта баяндайды. Әңгімелесу барысында сөздік қор байытылады. **Сұрақтар:**	**Көркем әдебиет** **«Қойылым – біздің сыйлығымыз!»** **Мақсаты:** Балалардың өз бетімен рөлдерді орындау қабілетін бекіту. **Барысы:** Балалар бұрын дайындалған қойылымды толық көрсетеді. Қатысушылар мен көрермендер (ата-аналар немесе басқа топтағы балалар) қойылым туралы пікір білдіреді. Балалардың сахнада өзін-өзі ұстау дағдыларын талдау **Қазақ тілі** **«Менің отбасым»** **Мақсаты:** Отбасы туралы айта білу, отбасы мүшелерінің атауын үйрену. **Іс-әрекет барысы:** **Тілдік жаттығу:** Балалармен бірге «Отбасым» тақырыбында сұхбат жүргізу. «Менің анам...», «Менің әкем...» деп сөйлем құрату. **Ойын:** «Кім кімге кім?» (Балалар отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты дұрыс атайды: «Әкемнің анасы – менің әжем»). **Жаңылтпаш:** **«Атам – асқар тау,** **Әжем – ақылды жан,** **Әкем – қамқоршы,** **Анам – мейірімді»** **Математика негізі** **Сиқырлы сандық» ойыны**	**Математика негізі** **. «Сиқырлы сандар» ойыны** **Мақсаты:** 10-ке дейін тура және кері санауды үйрету. **Барысы:** Балалар шеңберге тұрып, әрқайсысы кезекпен 1-ден 10-ке дейін санайды. Допты бір-біріне лақтыра отырып, кері санау жасайды. Ойын барысында санау тәртібі сақталуы керек. **Музыка** **«Музыкалық мәнерлілік құралдары»** **Мақсат:** Дыбыстың қатты/ақырын, биік/төмен, жылдам/баяу болатынын түсіну. **Іс-әрекет барысы:** Музыкалық терминдермен таныстыру. Әртүрлі қарқындағы әуендерді тыңдату және оларды сипаттау. «Қозғал немесе қатып қал!» ойыны (музыка тоқтағанда қатып қалады). Әртүрлі дыбыс деңгейіне сай шапалақтап немесе аяқпен тарсылдату. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Қоғамдық орындар және мінез-құлық ережелері** **Мақсаты:** Қоғамдық орындарда өзін

	қимылды көрсетеді, басқалары қай кейіпкер екенін табады). «Қимылмен сөйле» (балалар дауысты қолданбай, тек қимылмен кейіпкердің көңіл-күйін көрсетеді). Қысқа сахналық қойылым дайындау. **Музыка** **«Музыкалық көңіл-күй»** **Мақсат:** Музыканың көңіл-күйге әсерін сезіну. **Іс-әрекет барысы:** Балалармен «Музыка көңіл-күйді өзгертеді» тақырыбында әңгіме жүргізу. Қуанышты, мұңды, сергек әуендерді тыңдату және олардың қандай сезім тудыратынын сұрау. «Музыка қалай сөйлейді?» ойыны (балалар музыкаға сай эмоцияларын білдіреді). Сергіту сәті: балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. **Шығармашылық бейнелеу** **«Ертегі әлеміне саяхат»** **Мақсаты:** Балалардың ертегілерге деген	толықтырады. **Мысалдар:** Күзде жапырақтар... *(сарғаяды, түседі).* Қоянның жүні... *(ақ, жұмсақ).* Ойын: Тәрбиеші балаларға 2-3 сөз береді, сол сөздерден сөйлем құрастырады. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Мен және менің отбасым** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерімен таныстыру, олардың атқаратын рөлін түсіндіру. **Ойын:** «Кімнің дауысы?» Балалар көзін жұмып тұрады, ал бір бала «Мен кіммін?» деп дауыстайды. Басқалар дауысынан танып, отбасы мүшесінің рөлін атайды («Сен – әке!»).	«Қызыл телпек» ертегісінде қыз неге орманға барды? Қасқыр неліктен әжені алдады? **Математика негізі** **«Қайсысы ауыр?» тәжірибесі** **Мақсаты:** Заттардың салмағын салыстыру, шама ұғымын меңгерту. **Барысы:** Балаларға әртүрлі заттар беріледі (кішкентай кітап, үлкен кітап, жұмсақ ойыншық, ағаш текше). Оларды қолмен ұстап, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін айтуы керек. Арнайы таразы көмегімен нақты салыстыру жүргізіледі.	**Мақсаты:** Балаларды бірлік ұғымымен таныстыру, жиын мен оның бөліктерін ажырату. **Барысы:** Балаларға түрлі ұсақ ойыншықтар салынған қорап ұсынылады. Олардың арасынан біреуін алып, «Менде бір ... бар» деп айтуы керек. Кейін бірдей заттарды біріктіріп, олар жиын құрайтынын түсіндіру.	дұрыс ұстау ережелерін меңгеру. **Ойын:** «Қайда не істейміз?» Тәрбиеші қоғамдық орындардың суреттерін көрсетеді (кітапхана, аурухана, дүкен). Балалар сол жерлерде өзін қалай ұстау керектігін айтады. **Қазақ тілі** **«Менің туыстарым»** **Мақсаты:** Туыстық атауларды меңгеру, сөйлемде қолдану. **Іс-әрекет барысы:** **Түсіндіру:** Нағашы, жиен, бөле, құда-құдағи, қайын жұрт сияқты қазақы туыстық атауларды таныстыру. **Сөздік жұмыс:** Балаларға сұрақтар қою: «Нағашы атаң кім?», «Жиен деген кім?». **Ойын:** «Туыстық шеңбер» (Балалар өз отбасы мүшелерінің суреттерін шеңберде орналастырады).

	қызығушылығын арттыру. **Іс-әрекеттер:** **Сурет салу:** Балалар сүйікті ертегі кейіпкерлерін бейнелейді. **Құрастыру:** Ертегі декорациясын жасау (қамал, үйшік, орман). **Мүсіндеу:** Ертегі кейіпкерлерін пластилиннен мүсіндеу. **Жапсыру:** Түрлі-түсті қағаздармен ертегі әлемін безендіру. **Ойын:** «Ертегі қойылымы» – балалар өздері жасаған кейіпкерлерімен қысқа көрініс қояды.				

Екінші таңғы ас	Жеміс-жидектерді бөліп жеу арқылы ұжымдық тамақтану дағдыларын дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Қасықты дұрыс ұстау және төгіп алмай жеу дағдыларын қалыптастыру. "Кім бірінші жейді емес, кім ұқыпты жейді?" ойынын ойнау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Ботқаның пайдасы туралы қысқа әңгіме айту. Балаларға ботқаның қандай дәмде (тәтті, тұзды) болатынын сұрау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Серуенге дайындық	**"Киімімді дұрыс киемін" (Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)** балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киінеді.	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну кезінде бір-біріне көмек көрсетеді (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету

Серуен	**Серуен №1"Көктемгі өзгерістер" Бақылау:** Ағаштардың бүршік жаруын, қардың толық ерігенін бақылау. **Еңбекке баулу:** Ауладағы қоқыстарды жинау, гүл отырғызуға дайындық жасау. **Тәжірибе:** "Қар қайда кетті?" – күннің жылуы қарды қалай ерітетінін түсіндіру. **Қимылды ойын:** "Күн мен жаңбыр" (Күн шыққа – жүгіріп, жаңбыр жауса – тығылады). **Сөйлеу дағдысы:** "Көктемде не өзгереді?" тақырыбында әңгімелесу. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған ортамен таныстыру** **Денешынықтыру***** **Қазақ тілі*****)	**Серуен№2** **"Көктемгі құстарды бақылау" Бақылау:** Келген құстарды бақылау (қарлығаш, қараторғай, т.б.). **Еңбекке баулу:** Құс ұяларын тазарту немесе қарау. **Тәжірибе:** "Құс жемі неге керек?" (Құстарға дән сеуіп көру). **Қимылды ойын:** "Қарлығаш пен мысық" (Қарлығаштар ұшып жүреді, мысық оларды қуалайды). **Сөйлеу дағдысы:** "Құстар қалай сайрайды?" – құстардың дыбыстарын салыстыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған ортамен таныстыру** **Денешынықтыру***** **Қазақ тілі*****)	**Серуен№3** **"Ауа райы қандай?"** **Бақылау:** Бұлттардың пішінін, желдің күшін бақылау. **Еңбекке баулу:** Топырақты жұмсарту, гүлзарларға дайындық. **Тәжірибе:** "Жел қалай еседі?" – балаларға жеңіл заттарды үрлетіп көрсету. **Қимылды ойын:** "Жел мен жапырақтар" (Балалар жапырақтар сияқты желге тербеледі). **Сөйлеу дағдысы:** "Бұлт қандай?" – балалар бұлттардың түсі мен пішінін сипаттайды. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған ортамен таныстыру** **Денешынықтыру***** **Қазақ тілі*****)	**Серуен №4** **"Көктемгі гүлдер" Бақылау:** Алғашқы гүлдерді табу (бәйшешек, жауқазын). **Еңбекке баулу:** Гүлдерді суару, топырақты қопсыту. **Тәжірибе:** "Су гүлге қалай әсер етеді?" (Сусыз және суарылған өсімдіктерді салыстыру). **Қимылды ойын:** "Гүлдер өседі" (Балалар тұрып, күн шыққанда өсіп, жаңбырда еңкейеді). **Сөйлеу дағдысы:** "Сенің сүйікті гүлің қандай?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған ортамен таныстыру** **Денешынықтыру***** **Қазақ тілі*****)	**Серуен №5** **"Жәндіктер әлемі" Бақылау:** Құмырсқалар, көбелектер, қоңыздарды бақылау. **Еңбекке баулу:** Ауладағы ұсақ тастарды жинау. **Тәжірибе:** "Құмырсқа жүгі неге ауыр?" – құмырсқаның жүк тасуын бақылау. **Қимылды ойын:** "Көбелек пен тор" (Көбелектер қашып, торға түспеуі керек). **Сөйлеу дағдысы:** "Жәндіктер қалай қозғалады?" – жорғалайды, ұшады, секіреді. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған ортамен таныстыру** **Денешынықтыру***** **Қазақ тілі*****)

Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Балалар серуеннен кейін міндетті түрде қолдарын сабынмен жуады. Балалардың денесін шынықтыру мақсатында жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасы өткізіледі. Бұл олардың денсаулығын нығайтып, иммунитетін көтереді.**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	К**иімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларға үстел басында түзу отырып, тәрелкеге жақындамастан қалай тамақтану керектігін үйрету. "Денемізді түзу ұстағанда, асқазанымызға пайдалы" деп түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Қолды неге жуу керек екенін қысқаша түсіндіру. Сабынмен жуу ережесін көрсету (алақан, саусақ арасы, білезікке дейін). Балаларға кезекпен қол жуудыртып, дұрыс жуғанын тексеру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларға түскі астан бір тағам беріп, дәмін ажыратып айтуға сұрау (тәтті, тұзды, қышқыл, ащы). "Бұл не? Оның түсі қандай? Дәмі қандай?" деген сұрақтар қою. **Дұрыс тамақтану қағидаларын түсіндіру**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

Күндізгі ұйқы	**Бөлмені желдету:** Ұйқы алдында бөлмені жақсылап желдетіп, таза ауамен қамтамасыз ету. **Жайлы орта құру:** Бөлмедегі жарықты бәсеңдетіп, тыныштықты сақтау. **Релаксациялық жаттығулар:** Балалардың бұлшықеттерін босаңсыту үшін жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасын өткізу **"Қонақжай қазақ елі"** **Мақсаты:** Қонақ күту дәстүрін түсіндіру, қонақжайлықтың маңызын жеткізу.**"Қонаққәде**" (қазақ халық аңызын айтып беру)	Жайлы төсекке жатып, көздерін жұмып, денелерін босату. Баяу әуен немесе табиғаттың дыбыстарын қосу. "**Тыныштық патшалығының кішкентай ханзадасы" (қысқа ертегі).**	Жайлы қалыпта жатып, терең дем алу. **Тыныштандыру:** Құстардың сайраған дауысы қосылады. **"Ормандағы тыныштық пен дос қоян" (қысқа ертегі).**	**Температура режимі:** Бөлмедегі температураны қолайлы деңгейде ұстау. **Тыныштықты сақтау:** Балалардың ұйқысы кезінде шуды болдырмау . **"Батырлар жыры»** **Мақсаты:** Қазақ батырлары туралы білу, олардың ерлігі мен мінезін дауыс ырғағымен жеткізу. **"Қобыланды батыр" жырынан үзінді оқып беру**	Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады «Жақсы жатып, жайлы тұр!» **"Ақылды қыз"** **Мақсаты:** Қазақ ертегілеріндегі ақылды қыз бейнесін таныстыру. "Ақылды қыз" ертегісін оқып беру, эмоциямен жеткізу

Бірінде п ұйқыдан оятту, саукықтыру шара	Құстардың дауысы жазылған аудионы қосу Балаларға созылу жаттығуларын жасау (қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын қозғалту). **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларынжасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**

л а р ы					
